

# 2024 жылғы қаңтар-маусымда негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы

Жариялау күні: 17.07.2024

Келесі жариялау күні: 16.08.2024

1. Түйінді тұстары
2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Байланысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер


## 1. Түйінді тұстары

2024 жылғы қаңтар-маусымда негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 6654,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы қаңтар-маусымнан (салыстырмалы бағамен) 3,5% аз.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ төмендеуі Ақмола (38,8%-ға), Атырау 35,2%, Абай облысы (24%-ға), Ақтөбе (19%-ға), Манғыстау (12,8%-ға), Жамбыл (9,7%-ға) және Батыс Қазақстан (7,3%-ға) облыстарында байқалды.

Бұл ретте негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ өсуі Қызылорда (41,4%-ға), Жетісу (38,5%-ға), Түркістан (37,8%-ға) және Алматы (21%-ға) облыстарында байқалды.

## 2. Негізгі капиталға салынған инвестицияның динамикасы



Инвестицияның едәуір үлесін Атырау облысы алады (14%).

### Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индекстері

	2024 жылғы маусым		2024 жылғы қаңтар-маусым 2023 жылғы қаңтар-маусымға
	2024 жылғы мамырға	2023 жылғы маусымға	
Қазақстан Республикасы	152,5	106,1	96,5
Абай	329,0	77,9	76,0
Ақмола	146,6	62,1	61,2
Ақтөбе	118,4	63,7	81,0
Алматы	292,5	170,8	121,0
Атырау	94,8	61,8	64,8
Батыс Қазақстан	144,6	99,5	92,7
Жамбыл	115,2	48,6	90,3
Жетісу	203,2	184,1	138,5
Қарағанды	167,4	101,4	106,3
Қостанай	86,7	139,0	103,7
Қызылорда	144,9	146,0	141,4
Манғыстау	147,3	101,1	87,2
Павлодар	221,4	136,1	114,8

Солтүстік Қазақстан	218,6	87,6	110,1
Түркістан	235,0	168,6	137,8
Ұлытау	117,3	130,8	117,0
Шығыс Қазақстан	180,0	117,0	107,7
Астана қаласы	162,7	138,4	113,2
Алматы қаласы	111,8	140,5	115,8
Шымкент қаласы	104,2	102,4	113,4


Жалпы республикалық күрделі салымдар көлемінің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындар жүзеге асырады.

### Кәсіпорындардың мөлшері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға инвестицияларды игерді	Соның ішінде		
		шағын кәсіпорындар	орта кәсіпорындар	ірі кәсіпорындар
2023 жылғы қаңтар-маусым	6 717 611 905	3 419 357 241	420 863 676	2 877 390 988
2024 жылғы қаңтар-маусым	6 654 289 535	3 813 081 227	508 848 012	2 332 360 296

Жалпы шығындардың 63,9% ғимараттар мен құрылыстарды салуға және күрделі жөндеуге және жалпы сомасының 30% астамы машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға жұмсалады.

### Негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ элементтерінің технологиялық құрылымы



Инвестицияларды қаржыландырудың басым көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты болып қала береді, олардың көлемі 2024 жылғы қаңтар-маусымда 4787,9 млрд. теңгені немесе жалпы көлемнің 72%-құрады.

Бюджет қаражаты негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 14,5% құрады, бұл ретте 2023 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 3% жоғары.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы банк саласының үлесі 4% алады.

### Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	2024 жылғы қаңтар-маусым		Анықтама: қорытындыға пайызбен
	мың теңге	қорытындыға пайызбен	2023 жылғы қаңтар-маусым
Негізгі капиталға салынған инвестициялар қаражаттарды қоса алғанда:	6 654 289 535	100,0	100,0

мемлекеттік бюджеттен	969 999 709	14,5	13,6
меншікті қаражат	4 787 884 350	72,0	76,9
банктердің кредиттері	263 533 005	4,0	2,1
одан:			
шетелдік банкттердің			
кредиттері	79 582 325	1,2	0,0
басқада қарыз қаражаты	632 872 471	9,5	7,3
одан:			
резидент емес қарыз қаражаты	181 312 196	2,7	2,5

2024 жылғы қаңтар-маусымда негізгі капиталға салынған инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіпке (41,6%) (оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібіне және карьерлерді қазуына–23,5%, өңдеу өнеркәсібіне–9,9%), жылжымайтын мүлікпен операцияларға (21,5%), көлік және жинақтауға (16,1%), ауыл, орман және балық шаруашылығына (5,1%) тиесілі.

### Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге	2023жылғы қаңтар-маусымға, пайызбен	Инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, пайызбен
Барлығы	6 654 289 535	96,5	100,0
інің ішінде:			
ауыл, орман және балық шаруашылығы	341 153 265	75,5	5,1
өнеркәсіп	2 771 075 580	81,0	41,6
оның ішінде:			
кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1 565 544 121	69,0	23,5
өңдеу өнеркәсібі	658 521 423	109,4	9,9
электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	354 458 107	99,5	5,3
сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	192 551 916	94,6	2,9
құрылыс	74 001 767	90,0	1,1
көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	153 576 833	97,5	2,3
көлік және қоймалау	1 071 509 991	133,7	16,1
тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	66 265 458	112,2	1,0
ақпарат және байланыс	118 974 580	243,0	1,8
қаржы және сақтандыру қызметі	56 362 384	122,1	0,8
жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	1 433 727 420	104,5	21,5
кәсіби, ғылым және техникалық қызмет	61 719 311	158,0	0,9
әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	61 677 783	84,6	0,9
мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	40 502 322	66,4	0,6
білім беру	174 026 516	124,1	2,6
денсаулықсақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	120 093 557	100,4	1,8
өнер, ойын-сауық және демалыс	98 773 425	143,4	1,5
өзге де қызметтер түрлерін көрсету	10 849 318	62,7	0,2

#### Электронды кестелер:

[Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы](#)

### 3. Глоссарий

Негізгі капиталға инвестициялар-инвесторлардың жаңа құрылыс, сондай-ақ объектінің кеңейту (объектінің бастапқы құнының ұлғаюына әкеп соғатын) жағдайында инвесторлар үшін экономикалық, әлеуметтік немесе экологиялық әсер алу мақсатындағы инвестициялар, машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алу, негізгі табынды, көпжылдық екпелерді қалыптастыруға кететін шығындар және т.б.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына және күрделі жөндеуге арналған шығындарға ғимараттар мен құрылыстарды салу, кеңейту, реконструкциялау, энергетикалық, технологиялық және басқа жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстар бойынша кешенді жұмыстардың шығындары, сондай-ақ тұрғын емес, тұрғын ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу жөніндегі шығындар жатады.

Машиналар мен жабдықтарды сатып алуға арналған шығындар-машиналарды, көлік құралдарын, жабдықтарды сатып алуға арналған шығындарды қамтитын инвестициялардың технологиялық құрылымының элементі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар-жобалау-ізвестіру жұмыстарына, авторлық қадағалауға, салынып жатқан объектілер дирекцияларын ұстауға арналған шығыстар, мәдениетті биологиялық шығындарға арналған шығындар, сондай-ақ ұйымдар құрған немесе сатып алған, шаруашылық қызметте бір жылдан астам пайдаланылатын, ақшалай бағасы бар, иеліктен шығару қабілеті бар және кірістер әкелетін объектілерге жұмсалатын шығындар, бірақ материалдық құндылықтар емес.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі динамикадағы инвестициялық инвестициялардың өзгеруін сипаттайды, есепті және салыстырылатын кезеңдегі негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің салыстырмалы бағалардағы қатынасымен анықталады.

#### 4. Әдістемелік түсініктемелер

Негізгі капиталға инвестициялар туралы статистикалық ақпарат инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің (жұмыс істейтіндердің санына және экономикалық қызмет түріне қарамастан) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларының және жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың бастапқы статистикалық деректері негізінде қалыптастырылады.

Инвестициялық салымдарды есепке алу инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектінің тіркелген жеріне қарамастан, нақты жүзеге асырылатын жер бойынша көзделген.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы айлық негізде қалыптастырылған жедел деректер жылдық деректермен нақтыланады.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы деректер пайдалану бағыты бойынша (инвестиция (түпкілікті пайдалану) бағытының сипатына және инвестордың экономикалық қызметінің түріне байланысты) қалыптастырылады.

Толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтеме бойынша қол жетімді:

[Инвестициялық қызмет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі](#)

#### 5. Байланысты басылымдарға сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі»](#)

#### 6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп» \(индекс 1-инвест, айлық\)](#)

[Ақпараттық-талдамалы жүйесі «Талдау» \[www.taldau.stat.gov.kz\]\(http://www.taldau.stat.gov.kz\) /Инвестициялар және құрылыс статистикасы/ Инвестициялар](#)

[Сапа туралы есеп](#)

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

<b>Жауапты шығарушы:</b> Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	<b>Департамент директорының м.а.</b> И. Торғаутова Тел. +7 7172 749056	<b>Орындаушы:</b> Н.Қайрбекова Тел. +7 7172 749317 E-mail: Na.Kairbekova@aspire.gov.kz	<b>Адрес:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министерліктер үйі, 4 кіреберіс
--	--	--	--